



5 қазан, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi_kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

«БҰЛ БАЛАЛАР ҮШІН, ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ ҮШІН ҚАЖЕТ»



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «SANA» оқушылар сарайын аралап көрді.

Бес қабатты заманауи ғимаратта 5-17 жас аралығындағы жеткіншектерге арналған 60-тан астам үйірме мен спорт секциялары жұмыс істейді. Олар техникалық шығармашылық, сәндік-қолданбалы өнер, әлеуметтік ғылымдар, музыка және хореография, спорт секілді бірнеше бағытқа бөлінген. Орталық бір мезгілде 700 баланы қабылдай алады. Аумағы 7500 шаршы метр ғимаратта соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған оқу кабинеттері, жүзу бассейні, ақт залы, подкаст және фото студиялары бар.

Мемлекет басшысы Lego құрастыру, роботтық техника, 3D-модельдеу және қиып өнері, ұрмалы аспаптар, домбыра үйірмесі кабинеттері мен жүзу бассейнін аралап көрді. Сондай-ақ Президент орталықтың оқытушыларымен, балалармен және ата-аналармен әңгімелесті.

«Әрбір қалада, ауданда осындай орталықтар ашылуы керек. Мен жақында бизнес өкілдерімен кездесу өткіздім. Бұл балалар үшін, өскелең ұрпақ үшін қажет. Сондықтан біз бұл мәселеге баса мән береміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«SANA» жаңа ұрпақ орталығын «Damu Development Group» консорциумы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында салған. Компания құрылтайшысы Абзал Сағымбаев алдағы уақытта бірнеше даму орталықтарын, әлеуметтік, денсаулық сақтау нысандарын салу жоспарланғанын айтты.

Астана қаласының әкімі Жәніс Қасымбектің айтуынша, 2029 жылға дейін елордада осындай 15 оқушылар сарайы бой көтереді. Оның ішінде 5 орталықтың құрылысы жуық арада басталады.

Президент «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станцияларының, сорғы-сүзгі станциясының және үшінші ЖЭО-ның құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Астана қаласының әкімі Жәніс Қасымбек Мемлекет басшысына «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциясының және жалпы қуаты сағатына 700 гигакалория болатын «Тұран» газ жылу станциясының бірінші кезеңінің құрылыстары аяқталғаны туралы мәлімет берді. Оның айтуынша, «Оңтүстік-Шығыс» станциясы Мыңжылдық аллеясы, «Нұрлы жол» вокзалы, «Бағыстан» тұрғын алабы сияқты құрылысы қарқынды түрде жүріп жатқан аудандарды, ал «Тұран» станциясы қаланың сол жағалауында жаңадан салынып жатқан аумақты тұрақты жылумен қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысына аталған газ жылу станциялары биылғы жылу маусымының басынан бастап іске қосылатыны жөнінде баяндалды. Жыл аяғына дейін үшінші ЖЭО-ның құрылысы аяқталады. Үш жаңа нысан қаланы қосымша жылумен қамтамасыз етеді. Оның қуаты –

сағатына 1140 гигакалория. «Тұран» газ жылу станциясының екінші кезеңінің салынуы және «Тельман» жаңа газ жылу станциясы қуаты сағатына 850 гигакалория болатын қосымша жылу береді.

Құрылыс компаниясының өкілдері Қазақстанда газ жылу станцияларының өндірістегі отандық үлесін арттыру үшін газ жабдықтарын өндіруші кәсіпорымен арада уағдаластықтар бар екенін жеткізді.

Президент газ жылу станциялары кезең-кезеңмен пайдалануға беруді тапсырды.

«Ең алдымен, жобалардың сапасы жоғары болуға тиіс. Біз оны қадағалаймыз. Мұндай жобалар қалаға өте қажет. Мен бұл жерге осы мақсатпен келдім. Әр қалада үш негізгі мәселе бар. Олар – жылу, жарық және су. Тұрғындар бұл қажеттіліктермен міндетті түрде қамтамасыз етілуі керек. Оның үстіне, сөз елорда туралы болып отыр. Ешқандай кідіріс болмауға тиіс. Бұл, түптеп келгенде, біздің мемлекетіміздің беделі мен имиджіне қатысты мәселе. Сондықтан аталған мәселені баріміз жұмылып, міндетті түрде толық шешуіміз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Жәніс Қасымбек Президентке Астана су қоймасынан тартылатын су құбырының және сорғы-сүзгі станциясының іске қосылуы жөнінде айтты. Оның мәліметі бойынша биылғы қарашада Нұра жерасты су көзінен қуаты 48 мың текше метр болатын су құбырын тарту, сондай-ақ «Тельман» сорғы станциясының қуатын күніне 160 мың текше метрге дейін жеткізу жөніндегі жобалау жұмыстары аяқталады.

Қасым-Жомарт Тоқаев елорда халқының саны жылдан-жылға көбейіп келе жатқанына байланысты қосымша су көздерімен қамтамасыз ету жолдарын іздеу қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ қаладағы жаңа жылу нысандарының құрылысын уақытылы аяқтауды тапсырды.

Президент елорданың индустриалды нысандары аралау барысында бронды дөңгелекті техника өндіруге және жаңғыртуға маманданған Kazakhstan Paramount Engineering зауытына да барды.

Бұл компания 2013 жылы құрылған. Ол – Қазақстан мен Орталық Азияда дөңгелекті бронды техника шығаратын бірден-бір кәсіпорын. Қазақстан аумағында өз өндірісін ашу және бәсекеге қабілетті заманауи бронды техникаға сервистік қызмет көрсету, сондай-ақ түрлі міндеттерді орындауға арналған бронды дөңгелекті машина өндірісін өркендету аталған компанияның артықшылығы саналады.

Мемлекет басшысы осы саланы ілгерілетудің келешегі зор екенін ерекше атап өтіп, компанияның қорғаныс өнеркәсібіне маманданған отандық кәсіпорындарды дамытуға жан-жақты атсалысуға шақырды.

БҮГІН – МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ – БҮГІН МЕН БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРШАМЫ



Суретті түсірген Н.НҮРЖАУБАЙ

Кез келген саланың тірегі – білім мен ғылым. Себебі барлық мамандыққа кадр даярлайтын білім жүйесі болса, барлық саланың сапалық өнімділігі мен жалпы дамуын жіті зерттейтін – ғылым. Ұстаздар мерекесі қарсаңында осы қос саладағы негізгі жаңалықтар мен енгізілген өзгерістерге тоқталдық.

С Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»

Сапалы білім саф алтыннан қымбат

Биыл білімнің жаңа көкжиегін игеруге, тың ізденістер мен жаңандық мақсаттарға ұмтылған үш миллионнан астам жас ерненің алдында жаңа мүмкіндіктер ашылды. Елімізде 130

мыңнан астам оқушы су жаңа мектептерде оқуды бастады. Ауылдық жерлердегі білім деңгейін дамытуға да ерекше көңіл бөлініп келеді. Мәселен, 1 мың ауыл мектебі қайта жаңғыртылып, пәндік кабинеттер ашылды, кітапханалар мен асханалары, жиһаздары жаңартылды.

Айта кетсек, биыл алғаш рет ауыл мектептері арасында республикалық олимпиада ұйымдастырылады. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, мұның бәрі отандық білім сапасын арттыру, балалар үшін қауіпсіз және қолайлы жағдай жасау мақсатында қолға алынған.

2023 жылы елімізде 366 мың бүлдіршін мектеп табалдырығын аттап, бірінші сыныпқа барды. Ал 11 сыныптағы 188 мың оқушы үшін бұл алтын ұяның қабырғасындағы соңғы жыл.

4-бет

ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлауды ұйымдастыру және өткізу мақсатында Қызылорда облысына келген Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Асылбек Смағұлповпен кездесті.

Кездесуде пилоттық негізде өткізілетін аудан әкімдерін тікелей сайлауды ұйымдастыру мәселесі талқыланды.

Аймақ басшысы Сыр жұртшылығы Мемлекет басшысының бастамаларын әрқашан қолдайтынын айтты. Асылбек Смағұлпов сайлауды ашық әрі заң талаптарына сай өткізудің маңыздылығын атап өтіп, саяси науқан өңірде жоғары деңгейде ұйымдастырылатынына сенім білдірді.

Орталық сайлау комиссиясының мүшесі сайлау өтетін екі аудандағы бірнеше сайлау учаскесін аралап, дайындық барысын көрді. Әрі қарай екі ауданда жергілікті әкімдік және құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен өткен семинар-кеңеске қатысты.

Еске салсақ, 5 қараша күні Сырдария және Шиелі аудандарында аудан әкімдерін сайлау өтеді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

85 ЖІЛ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА

ҚАРЖЫ: БАРДЫ ҰҚСАТЫП, ЖОҚТЫ ТҮГЕНДЕГЕН

Облыстың 85 жылдық тарихында қаржы-экономика саласының алатын орны айрықша. Бүгінде республикада алдыңғы орындарға тұрақтаған аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы бюджет көлемінің өсуімен байланысты. Кейінгі бір жарым жыл ішінде тайқазанымыз топысып, соның нәтижесінде көптеген маңызды нысан халық игілігіне пайдалануға берілуде. Мұның барлығы мерейлі мереке қарсаңындағы тамаша тарту болды.

С Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Қай кезеңде де елдің алға жылжуы мен оның экономикасының дамуы қаржыға байланысты. Тіпті сонау хандық дәуірде де хандықтың қара қазаны және оған жауапты қазынашылар, билер мен қазылардың болғанын тарихтан білеміз. Расымен есеп-қисап, экономикамыздың тарихы тым тереңде жатыр. Дегенмен, кешегі кеңес дәуірінен бастау алатын кезеңге көз салсақ, облыстық экономика және қаржы басқармасының құрылғанына ғасырдан астам уақыт болыпты. Осы уақыт ішінде атауы да, міндеті мен мақсаты да өзгерген сала еліміздің өркендеуімен қатар ілгерілеткен маңызды органға айналды. Бұрын бөлек-бөлек сала болса, қазіргі уақытта облыстық экономика және қаржы басқармасы ретінде ауқымды тірліктер атқарып келеді. Бір ғасырлық кезеңде Сыр өңірінің қаржыгерлік мектебі де қалыптасып, өсіп-өркендеді.

Камал Шөкенов, Бименді Баймаханов, Құттықожа Ыдырысов ағаларымыздың есімдері өңірдің қаржы саласының тарихына алтын әріппен жазылып қалды. Сейітсұлтан Әйімбетов, Қалқазбек Әжібеков, Дайрабай Ысқақов, Мырзахмет Ауанов, Болатбек Жасақбаев, Майдан Мәселеева, Балжан Шәменова, Ирина Ким, Райхан Ысқақова, Сәуле Құлымбетова белсенді үлес қосты.

2-бет

20 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚТАДЫ

Ұлттық статистика бюросы Қазақстан халқының саны туралы жаңарған мәлімет ұсынды. Бұл туралы TengriNews.kz хабарлады. Ведомство мәліметінше, 1 қыркүйекте ел халқының саны 19 миллион 944 мың 726 адам болған. Елімізде 12 368 662 адам – қалада, 7 576 064 адам ауылда тұрады. Жыл басынан бері халық 177 мың адамға өссе, оның 172 мыңы – табиғи өсім есебінен (туғандар саны қайтыс болғандар санынан асып түсті), 5,8 мың адам – көші-қонның оң салдыосы. Өңірлер арасында халық ең көп Алматы қаласы – 2 205 929 адам. Одан кейінгі орында Түркістан облысы – 2 135 537 адам, Алматы облысы – 1 522 182 адам, халық саны бойынша алғашқы үштікті түйіндейтін. Астана халық саны бойынша төртінші орында – 1 402 002 адам, Жамбыл облысы бесінші орында, 1 221 619 адам.



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ – МАҢЫЗДЫ ЕКІ МӘСЕЛЕ

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің өңдеу өнеркәсібін одан әрі дамыту және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қаралды.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

2022 жылдың қорытындысына сәйкес сала еліміздің жалпы ішкі өнімінің 13,4%-ын құрап, сауда және тау-кен өнеркәсібінен кейінгі экономикаға қосқан үлесі бойынша үшінші көрсеткішке қол жеткізді. Өндіріс көлемі бойынша салада оң динамика байқалады. Өткен жылы өндірілген өнімнің көлемі 21,1 трлн теңгені құрап, нәтижесінде бес жыл бұрынғы көрсеткіштен 2,2 есеге артты.

Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібінің өндіріс көлемі 8 ай ішінде 14 трлн теңгені құрап, өткен жылдың сәуірінен салыстырғанда 3,1%-ға өсті. Салалар бойынша автокөлік құралдарын, машиналар мен жабдықтарды, сондай-ақ электр жабдықтарын шығару есебінен машина жасау тұрақты өсім көрсетті.

Биыл жол-көлік оқиғаларының негізгі көрсеткіштері төмендеген. Дегенмен, Алматы қаласы, Жамбыл, Түркістан, Алматы, Жетісу облыстарында жол апаттары әлі де жиі кездеседі.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізіп, өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемін арттыруға арналған жобаларды уақытылы іске қосудың маңыздылығын атап өтті.

– Биылғы 8 айда Қызылорда облысы бойынша өңдеу өнеркәсібі саласында 192,5 млрд теңгені өнім өндіріліп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,6%-ға артты. Тек Қызылорда қаласында 99,1%-ға орындалды. Осы ретте 9 ай қорытындысымен қала және аудан әкімдеріне, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына облыстық статистика департаментімен бірлесіп, аймақтағы өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемін арттыру бойынша тиісті жұмыстарды күшейтуді тапсырамын, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Айта кетейік, өңдеу өнеркәсібі পুলы аясында аймақта 715 млрд теңгенің 46 жобасы жүзеге асырылуда. Оның ішінде жыл соңына дейін құны 7,2 млрд теңгеге жуық 7 жоба іске қосылуы жоспарланған. Қазір 2 жоба бойынша өнім шығарыла бастады. Аймақ басшысы осы орайда облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп, жыл аяғына дейін қалған жобалардың іске қосылуын қамтамасыз етуді міндеттеді.

Аймақта жол-көлік оқиғаларының салдарынан соңғы бес жылда және биылғы 8 айда қоса есептегенде 668 адам қаза болып, 3 325 адам жарақат алған. Маусым айында облыс әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында осы мәселе арнайы қаралып, құзырлы мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берілді. Дегенмен, 8 айдың қорытындысымен облыс көлемінде 306 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, көрсеткіш 24 пайызға өскен.

– Автокөліктердің қараусыз жүрген үй жануарларымен соқтығысу оқиғаларының алдын алу үшін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің Қызылорда қаласынан Түркістан облысына дейінгі аралықта қоршау орнату жұмыстары қолға алынды. Күре жолдың Ақтөбе облысы бағытындағы ұзындығы 566 шақырымды 4 жолақты санатқа ауыстыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. 2024 жылы жоба сметалық құжаттамалары әзірленіп, құрылыс жұмыстары 2025 жылы басталады. Дегенмен, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға атқарылған шаралар әзір көніл көншітпейді. Бұл ретте полиция департаменті жергілікті әкімдіктермен бірлесіп жүйелі әрі нақты жұмыс жасауы қажет, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, жол қауіпсіздігін сақтауда жүйелі шаралар қабылдау керек екенін айтты. Қазіргі таңда электрсамокаттарын жеке басқа да жеке көлік құралдарын пайдалану тәртібін реттейтін заң қабылданды. Осыған орай аймақ басшысы облыстық полиция департаментіне көлікпен жаңа түрлерін қауіпсіз пайдалануды, автомобиль жолдарындағы авариялық қауіпті уәкелерді анықтау қажеттігін ескертті. Аталған кемшіліктерді жою және сол аумақтарды жетілдіру бойынша тиімді ұсыныстар енгізілуі тиіс. Сондай-ақ, мүлдегі органдармен бірлесіп, қалаішілік және облысаралық бағытта заңсыз жолдаушылар тасымалдаумен айналысатын азаматтарға қағиысты тиісті шаралар қабылдау міндеттелді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҒЫ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУДЫҒЫ 2023 ЖЫЛДЫҒЫ IV ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КЕСТЕСІ

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Қожаниязов Серік Салауатұлы <i>(облыстық ауыл шаруашылығы және ерек қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, мемлекеттік сатып алу, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау, «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына жетекшілік жасауды, Сонымен қатар, облыстың құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздікті және тәртіпті сақтау жұмыстарын үйлестіреді)</i>	Облыс әкімінің бірінші орынбасары	Әр айдың 2-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаналынов Данияр Еренғалиұлы <i>(облыстық экономика және қаржы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары және бақылау жөніндегі басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)</i>	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Шермағанбет Мейрамбек Шынайыұлы <i>(облыстық білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар және ветеринария басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)</i>	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Нұртай Қайрат Бірзақұлы <i>(Байқоңыр қаласының әкімшілігі, Төртатам кенті және Ақай ауылдық округі әкімінің аппараты арасында өзара қарым-қатынасты үйлестіруге, Төртатам және Ақай елді мекендерін дамыту мәселелері)</i>	Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі	Әр айдың 1-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Байманов Шахмардан Аскарұлы <i>(облыстық қоғамдық даму, мәдениет және спорт, дін істері басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)</i>	Облыс әкімі аппаратының басшысы	Әр айдың 3-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 1-қабат, №139 бөлме. Анықтама телефоны: 40-11-91(7046). Қызылорда облысы әкімінің аппараты



ҒАСЫРДАН АСТАМ ТАРИХЫ БАР

Елдегі қаржы саласының қалыптасуы кеңес үкіметі кезінде, яғни, 1921 жылдардан бастау алған жаңа экономикалық саясаттың жүргізілуімен сәйкес келеді. Сонау тарихтың тереңіне үңілсек, 1921 жылдары әскери коммунизм саясатының әсері экономика саласында қатты білінді.

Азық-түліктің, жанармайдың көп бөлігі азамат соғысы қажеттілігіне жүйе салғандықтан, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 45 пайызға дейін төмендеп кетті. Нәубетті жылдар халықты тоздырып, елдегі өткір саяси және экономикалық дағдарыстың туындауына әкеліп соқты. Ақыры 1921-1924 жылдары қаржы реформа-

сынан Ресей Федерациясына қосылып, еліміздің астанасы Орынбор қаласынан Қызылордаға ауысқан соң бірталай тарихи оқиға болды. Атап айтсақ, алғашқы 10 жылда бөлім меңгерушілері болып М.Стебурт, С.Ахмеджанов, Г.Колесников, К.Жаманқұлов, одан кейін Б.Баталов, С.Чукиев қызмет атқарды. Ал кейінгі ширек ғасырдан астам уақыт 1970-1997 жылдар аралығында ҚР Еңбегі сіңген экономист, саланың белгілі маманы Камал Шөкенов жетекшілік етті. 1997-2007 жылдары Қ.Әжібеков, 2007 жылы Т.Сәтбаев, 2007-2008 жылдары Р.Мұсабеков, 2008-2010 жылдары К.Ыдырысов, 2010-2011 жылдары М.Ергешбаев, 2011-2012 жылдары И.Ким, 2012 жылы К.Ысқақов, 2012-2014 жылдары Қ.Сәрсенбаев, 2014-2020 жылдары Т.Жақыпбаев басқарған.

Қаржы басқармасы аймақтағы саланың қарашаңырағы саналса, бүгінде облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасымен бірігіп, үлкен бір құрылымға айналды. Сонымен бірге өнісіні алып, дербес мекеме ретінде құрылған облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті, қазынашылық департаменті, ішкі мемлекеттік аудит департаменті секілді қаржы органдары жұмыс атқарады.



ҚАРЖЫ: БАРДЫ ҰҚСАТЫП, ЖОҚТЫ ТҮГЕНДЕГЕН

сы жүргізіліп, банк жүйесі құрылды. Мемлекеттік банк, кооперативті банктер желісі қалыптасып, тікелей және жанама салықтар (өнеркәсіп, табыс, ауыл шаруашылығы, жаппай тұтыну тауарларына акциздер, жергілікті салықтар) енгізілді, сондай-ақ қызметтерге ақы төлеу (көлік, байланыс, коммуналдық шаруашылық және т.б.) жүйесі қалыптаса бастады.

Жетпіс жыл кеңестік жүйеде өмір сүрген еліміз осы кезең ішінде қаржылық-экономикалық мәселелерді оңтайлы шеше білді. Қолхоз, совхоздар, аудан, облыстар құрылды, қалалар салынды. Бүгінгі туелсіз Қазақстан Республикасының негізгі сол кезеңдердегі тиімді қаржылық-экономикалық жоспар арқылы қалыптасып десек артық айтқандық емес. Барлық қоғамдық-әлеуметтік маңызды инфрақұрылым жүйесі аграрлық және тау-кен өндірісі, сол заманғы инновация жалпы айтқанда қаржысы шешіліп, оңтайлы келген игілікті істердің барлығында сала мамандарының қайталанбас қолтаңбасы қалған.

Қайта құрудан кейін тоқыраған кеңестік жүйе құлап, орнына нарықтық-экономикалық қатынастарға негізделген жаңа Туелсіз мемлекеттер құрылды. Жаһандық деңгейде жүргізілген осынау алапат саяси өзгерістерден соң 1991 жылы ел егемендігін жариялады. Небір кезеңнен сыналғып өткен қаржы саласы жаңа дәуіріне қадам басты. Бұл жылдардағы қаржы саласының ең үлкен жаңалығы – төл теңгеміздің айналымға енуі. Бұл ұлттық нарықтық инфрақұрылымды жасауға, өзіндік қаржы-несиелік және бюджеттік-салық саясатын жүзеге асыруға, реформаның алғашқы жылдарында тиімді саяси экономикалық тұрақтылыққа әкелді. Кейіннен Ұлттық валюталық шыққан күн қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып белгіленді. Бұл күннің таңдалып алынуы да бекер емес. Себебі еліміздің қаржы жүйесінің қазіргі қызметкерлерінің лайықты еңбегін атап өтуге мүмкіндік берді.

Өз алдына егемен ел болған мемлекет қаржысының талан-таражға түсіп, әр теңгесінің тиімді пайдаланылуын бақылайтын комитет қызметкерлеріне жауапкершілік жеңіл болмағаны белгілі. Теңге айналымға енген алғашқы күндері бухгалтерлер мен қазынашылардың, инкассаторлардың жұмыс уақыты 14-16 сағатқа дейін созылды. Соған қарамастан банк жүйесінің әрбір қызметкері жауапкершілік танытып, Президент жүктеген міндеттерді қалтқысыз орындады. Жалпы алғанда қаржы саласы құрылғаннан бастап құлдырау мен өркендеуді қатар бастан кешірді. Тек білікті мамандарының арқасында әлемдік қаржы институттарының оң бағасын алды.

Республика бойынша қаржы-экономика саласы осы сипатта өрбісе, өндіріс қаржы саласының өзіндік тарихы бар. Орынбор облысы Қазақ автономия-

2005 жылғы республикадағы экономиканы басқарудағы өзгерістерге байланысты облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы құрылды. Күні бүгінге дейін өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының, стратегиялық және ортамерзімдік жоспарларының, бюджет пен облыстық басқа даму бағдарламаларын қалыптастыру міндеттерін абыроймен атқарып келді. Облыстық жоспарлау органдарын облыс болып құрылғаннан бергі тарихында 17 адам басқарған екен. Тәуелсіздік алған жылдардан бері К.Тоғызбаев, Н.Мұсабаев, И.Ким, В.Шәменов, С.Құлмыбетова, Н.Қордабай, ал қазіргі уақытта облыстық экономика және қаржы басқармасына Камбарбек Мүбаракөв басшылық жасауда.

ТБИЫННАН ТЕҢГЕ ҚҰРАЛҒАН ЖЫЛДАР

Ел экономикасын дамыту туралы сөз қозғағанда оның құретамыры – қаржы жүйесін айналып өту мүмкін емес. Себебі қаржыгерлердің қатысуынсыз бірде-бір саланың толыққанды қызметін көре алмаймыз. Бүкіл жұмыстың өзегі тікелей байланысты болатын қаржы саласы – аса үлкен жауапкершілікпен қарауды талап ететін маңызды сала. Қаржы-экономика органдарының құрылуына 100 жылдан асса, оның кейінгі 30 жылында дербес мемлекет ретінде төл теңгемізбен өмір сүріп келеміз. Тенгені айналымға енгізу туралы шешім дағдарыстың ең бір ауыр кезеңінде қабылданғаны белгілі. Сол кезеңде облыс экономикасының дамуына күш-жігерін жинап, жауапкершілік жүгін арқалаған сала ардагері Қалқазбек Әжібековтің қосқан үлесі қол. Біз сала майданшымыз осы тұрғыда пікірлескен едік.

– Менің қаржы саласындағы еңбегім 1970 жылдан бастау алады. Біздің кезімізде жұмысты, барлық есеп-қисапты кеңесшінің шотымен жасайтынбыз. Басқа ешнәрсе болған жоқ. Одан кейін 1971-1972 жылдары арфимометр деген келе бастады. Бұл механикалық құрал болғанымен, есеп-қисапты алға жүрініне септігін тигізетін. Содан кейінгі кезеңдерде электронды құрылғылардың бастапқыларын пайдаландық. Шот бірте-бірте қолданыстан шықты. Жаңақорған аудандық қаржы бөлімінің бюджет жөніндегі аға экономисі болып еңбек жолымды бастағанда, аудан бюджетін, қаржылық есебін жасап, оның орндалуын, ауылдық кеңестердің кірістері мен шығыстарын жоспарлап жүргіздік. Жаңақорғанда өз ісінің нағыз білгірі Бекмахан Дүйсенбаевтың және облысқа келген соң Камал Шөкенов пен Бименді Ваймахановтың тәрбие мектебін өткеніме қуанамын. Бұл кісілердің шарапатын көп көрдім. Білмегенімізді үйреніп, қиын да жауапты саланың қыр-сырын меңгердім. Халық шаруашылығының көптеген салаларын көріп, оның жұмысын үйрендік. Камал және Бименді ағаларымыз Қазақ ССР-не еңбегі сіңген экономисі еді.

Біздің облыста ондай адам 5-еу ғана. Облыстан мықты мамандар республикаға барып басшылық қызметтер атқарды. Олардың қатарында Рахым Тоқсейітов республикада бас басқарманың бюджет жөніндегі бастығы, кейін министрінің орынбасары болды. Министрдің орынбасары болған Мырзахмет Ауанов, бас бюджет басқармасын басқарған Танатар Құттымұратов, кадр жағын басқарған Саин Ердәліұлы, Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің төрағасы, Халықты әлеуметтік қорғау министрі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары болған Сейітсұлтан Әйімбетовті мақтан етеміз.

Қаржы саласы – экономиканың құретамыры. Қор тоқтаса онда экономика тоқтап қалады. Сондықтан бұл саланы үнемі, уақытылы, үздіксіз қаржыландырып отыру үшін ең бірінші кірісті келтіру керек. Халықтан алым-салық жинау, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік сақтандыру, айлық жалақыдан түсетін салықтың барлығы бюджетті толтыратын. Тіпті ауыл советтерде бір анықтама үшін салық салынатын. Тиынан теңге құралады. Қазір мұндай нәрселерге мән берілмейді.

Мен қаржы саласын басқарған уақыт ең қиын кезеңге тап келді. Себебі 1995 жылдан 2001 жылға дейін бюджеттің

Облыс бюджетінің өз кірістері 97,5 млрд, субвенция 400,5 млрд және республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер мен кредиттер 94,1 млрд теңгені құрайды. Бөлінген қаржының көп бөлігі әдеттегідей әлеуметтік саланы қолдауға бағытталды. Айталық, әлеуметтік саланың үлесі 371,6 млрд теңгені, яғни жалпы бюджет көлемінің 61 пайызын құрап отыр. Оның ішінде білім беру саласы 278,4 млрд, денсаулық сақтау 20,3 млрд, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру 42,2 млрд, мәдениет және спорт 30,7 млрд теңге көлемінде. Демек, Мемлекет басшысының ерекше қолдауына ие болып отырған облысымызда ірі-ірі жобалар іске асып, әлеуметтік-экономикалық дамуымызда оң нәтиже болады деген сөз.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛА ДИНАМИКАСЫ

Өткен жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың макроөсеткіштері республика өңірлері арасында жоғары орындарға көтерілді. Мәселен, биылғы қантар-тамыз айларында облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары 666,6 млрд теңгенің өнімін өндірді. Құрылыс жұмыстарының көлемі 74,9 млрд теңгені, өсім 45,4 пайызды құрады. Экономиканың нақты секторы – тұрғын үй құрылысын салу қарқынды жүруде. Жыл басынан 546,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді немесе 2022 жылдың тиісті кезеңіне 119,8 пайызды құрайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 67,1 млрд теңгені, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіне 101,3 пайызды құрап отыр. Әлеуметтік саладағы жұмыссыздық деңгейі 2023 жылдың 2 тоқсанына 4,9 пайыз болды.

Аймақ инвестиция тарту қарқыны бойынша республикада бірінші орынға шықты. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 258,8 млрд теңгені құрады немесе 2022 жылдың тиісті кезеңіне 127 пайыз.

Шикізатқа тәуелділікті азайту мақсатында экономиканы әртараптан-дыруға бағытталған жобаларды іске асыру жалғасуда. Біріншай индустрияландыру картасы аясында жалпы құны 3,9 млрд теңгені құрайтын, 199 жұмыс орны құрылатын 3 жобаны іске асыру жоспарланған. Олар – жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасы, иппотерапия және бие сүтін өңдеу шеखының құрылысы, әк және құрғақ құрылыс қоспаларын өндіруді ұйымдастыру. Бұл өндіріс орындарын желтоқсан айында пайдалануға беру жоспарлануда.

НЕГІЗГІ ТҮСІМ САЛЫҚ КӨЗДЕРІНЕН

Облыстың жергілікті бюджетінің негізгі түсімі салық көздерінен жиналады. Оның 86%-ын салықтық түсімдер құрайды. Айталық, өткен жылы жергілікті бюджет жоспары 104%-ға орындалып, 2,8 млрд теңге артығымен түскен. Ал жыл басынан мемлекеттік бюджетке 169,4 млрд теңге салықтар және басқа да міндетті төлемдерден түсім түскен. Бұл 97,1 пайыз болжамға орындалды. Оның ішінде республикалық бюджетке 97,8 млрд теңге (болжамға 85 пайыз), жергілікті бюджетке 71,6 млрд теңге түсім түсті.

Бюджеттің кіріс бөлігінің өсуін қамтамасыз ету және салық базасының резервтерін кеңейтуге әлі де бірқатар мәселе бары сар. Президент тапсырмасына сәйкес, енді жанадан енгізілетін салық-бюджет саясаты қаржы-экономикалық функцияларды өңірлердің пайдасы үшін барынша орталықсыздандыруы тиіс. Кірістер мен шығыстар бабының айтарлықтай көлемі жергілікті деңгейге беріледі. Жалпы салық-бюджет саясаты жетілдірілсе, бұл оның көп түсіне де оң әсер етеді. Өйткені банкрот болатын кәсіпорындар саны азаяды, тиісінше салықтық база қысқармай ұлғаяды.

Бұл ретте аймақта әлеуметтік салаға серпіні беретін мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табуда. Мәселен, бытыр 31 315 жана жұмыс орны ашылып, 3 422 адамға 4,1 млрд теңге көлемінде жаңа бизнес-идеяны іске асыруға арналған қайтарымсыз мемлекеттік грант тағайындалды. Ал жыл басынан осы кезеңге дейін 24575 жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде 9994-і тұрақты.

Ғасырға жуық тарихы бар облыстық экономика және қаржы басқармасының құрылуы, дамуы, өркендеуі, оның мақсат-міндеттерінің бағыттарын бір мақаланың төңірегінде бағндай алмасамыз анық. Өйтсе де Мемлекет басшысының ерекше қолдауындағы өңірміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жылдан-жылға жақсара түсетіні анық. Мұны аймақ дамуына бөлінген қаржының көлемінен аңағуға болады. Ендігі меже – жауапты қызметкерлердің бюджет қаржысын тиімді пайдаланып, оны қажетті салаларға дұрыс бағыттау. Жалпы бюджет саясатында нақты істер мен реформалар қолға алынды. Бұдан былай жергілікті экономика және қаржы басқармалары тек бюджет қаражатын бөлумен айналыспай, оның бүйірін толтырудың да көздерін іздегізеді. Өйткені Бюджет туралы кодекстегі түзетулерде өңірлердің өзін-өзі қамтамасыз етуін қушыту, соның ішінде салықтық және салықтық емес түсімдердің қосымша түрлері жергілікті деңгейге берілетіні айтылып жүр. Алда барлық мүмкіндікті тиімді пайдаланып, оны жүзеге асыру міндеті тұрғаны анық.

Шежірелі Сыр өңірінің 85 жылдық тарихында, аймақтың гүлденіп-өркендеу жолындағы толымды табыстар мен атқарылған ауқымды шараларға аталған басқарманың да қосқан үлесі мол.

ИСАТАЙ ӘБДІКӘРІМОВТИҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ



Кемеңгерлік көкжиегі

Исатай Әбдікәрімов ағамызды сонау жетпісінші жылдары жоғары білім алып, өзіміңіз туған еліме, ауданыма келгеннен бастап білемін. Қызмет жолымда аудандық партия комитетіне жұмысқа ауысып, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі болған шақтан бастап Исекең жайлы тарих беттері менің дүниетамымда кеңінен ашыла бастаған еді. Сол кездерде Исекең әртүрлі іссапармен ауданға келіп, актив, аудандық партия комитетінің пленумын өткізгенде, сөйлеген сөздерін, ой-пікірлерін тыңдап, ол кісінің қайталанбас бітіміне, сөйлеу мәнеріне қызығатын жастардың бірі едік.

Кейін мен тағдыр жазып, облысқа, облыстық совет атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қызметке ауыстым. Сол кезден Исекең бастаған еліміздің ардагерлерін талай шақырып, ол кісілердің батасын алып, етене араластық. Республиканың бірінші басшысы, КСР Жоғары кеңес төрағасы дәрежесіне дейін көтерілген, үлкен азаматтың біз-

дігінше ремонтты жасап бітіруге тырысамыз» – дедім. Айтқандай-ақ Исекеңнің облыс әкіміне жазған арызы бойынша, қалалық әкімшілікке тапсырма келіп түсіп, бұл жұмыс маған тапсырылды. Бұған қала әкімі мамандығы құрылысшы, құрылыс мекемелерін, аудан басқарған, Сыр еліне белгілі азамат Қожахмет Баймаханов та шынайы

деп ақ батасын беріп жіберген. Тағдыр деген қызық, мен Жаңақорған ауданына 2000 жылы ғасырлар тоғысында барыппын. Жаңақорған киелі топырақ, киелі жер, көптеген академиктер, ғұламалар, ақын-жазушылар, шыққан жер. Оның ішінде басқаны қойғанда, Қызылорда облысын басқарған үш бірдей басы Жаңақорғанның тумасы. Ол – Исатай Әбдікәрімов, Сейілбек Шаухаманов, Бердібек Сапарбаев. Үшеуі де бір ауданнан шығып, облыстың бірінші басшысы дәрежесіне көтерілген.

Осы ойды қорыта келе, «Жаңақорғанның «Ғасыр адамы» деген атақ беріп, үлкен шара өткізуді жөн көрдік. Әртүрлі дәрежедегі талқылаулардан кейін Жаңақорғанда туған 14 данқты жерлестерімізге «Ғасыр адамы» деген атақты беру туралы аудан әкімінің шешімін аудандық мәслихат сессиясында бекіттік. Сол кезде Исекең науқастанып жүр екен. Жаңақорғанның «Ғасыр адамы» атағын тапсыру үшін, қасымда аудандық мәслихат хатшысы Саулбек Дүйсебеков

кең сәуір айында дүниеден өтті. Жаңақорған онтүстік аудан болғасын көктем ерте түседі. Ата-бабалары жатқан жер күріш танаптарының ортасында орналасқан. Айналасы бәрі егістік алқаптарымен қоршалып кеткен. Исекеңнің мүрдесі тиелген көліктерді ата-баба зиратына жеткізу үшін ортаны бөліп тұрған күріш суын қашыртқылайтын коллекторды біраз шақырымнан айналды өту арқылы көп уақыт жоғалтатын болды. Исекеңді жерлеуге біраз машина келетіні анық. Сонымен не амал бар? Біраз ойланым, сол елдің ірі басты азаматтарымен ақылдасқанды жөн көрдім. Қожақентте шаруа қожалығының басшысы болып істейтін Әсет Жиенқожаев деген Исекеңе жақын інілерінің бірі болды.

«Нөке, сізге айтуға қысылып отырмыз. Жұрттың бәрін жинап, біз бір-ақ түнде жаңағы жолды жауып тұрған коллекторды техникаларымызды әкеліп, бөгейік, сөйтіп халықты сандалтпай жерлік көліктердің бәрін содан өткізейік. Содан әкесі жатқан биікке шығып Исекеңді әкелуге оңай болады» – деді. Бәріміз мақұлдай кеттік. Қазір енді бәрі өткен соң айтуға болады ғой. Былайынша айтқанда, коллекторды бөгеге деген қылмыстық іс. Соны ешкімге білдіртпей, бір-ақ түнде бітіріп, коллекторды бөгеп көпір салу мол жұмыс екені белгілі. Десе де, ертесіне сақтық шараларын сақтап, өзге шаруаға зияны тимесін деп, бәрі біткеннен кейін техникаларды қайта жұмылдырып, бөгелген бөгетті қайта ашып, коллекторды қайта қалпына келтіріп қойдық. Жігіттердің ұйымшылдығының арқасында Исекеңді соңғы сапарға шығарып салу жұмыстарын бір түннің ішінде бітірдік. Әкесінің жатқан жерінің қасындағы ауыспалы егіс танаптарында көрпедей болып шыққан көк майсаның үстіне бірнеше қараша үй тігіп, Исекеңнің митингін сол жерде жасаймыз деп шештік. Соңғы сапарына еліміздің түкпір-түкпірінен небір тұлғалар жиналды. Халықтың ықылас-пейілінің үстемдігінде шек жоқ. Жолай ауылдардың жасы бар, үлкені бар, барлық тұрғындары Исекең жататын зиратқа дейін жолдың екі жағында тұрып, соңғы сапарға қимай қолтасты. Міне халқының қадірлі қайраткерге деген қимастық сезімі. Елін, жерін, туған топырағын сүюдін, адал қызмет жасаудың, әрбір адалына келген адамды дұрыс қабылдап, мәселесін шешуге, бар ынта-жігерімен тырысатын біртуар адам есебінде, біртуар тұлға есебінде, біртуар перзент есебінде халқының жадында қалды.

Был облыстың 85 жылдығы аталып өтіп жатқанда Социалистік Еңбек ері Исатай Әбдікәрімовтің де 100 жылдығы жарқын көрініс тауып отыр. Исекеңнің есімі, қадірлеп өткен халқының жадында мәңгі сақталады.

Нәжмадин МҰСАБАЕВ, қоғам қайраткері, Қызылорда қаласының, Арал, Қазалы, Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы

дi жанына тартып, ақыл-кеңес беретiндiгiн қарапайымдылығы мен парасаттылығы деп түсiнiп, қадiрлейтiнбiз. Мен облыста 5 жылдай облыстың алғашқы әкiмi Сейiлбек Шаухамановтың бiрiншi орынбасары болып қызмет iстедiм. Облыстық iс-шараларда ардагерлердi шақыру, оларға ерекше қызмет көрсету бiздiң бiр мiндетiмiз деп қабылдайтынбыз. Оның үстiне Исатай Әбдiкәрiмовтей алып тұлғаның беделдi iс-шаралардың көшiн бастап жүруi ғажап емес қой.

Исекең біраз жылдар бойы қалада бұрынғы обком партиясы үйінің үшінші этажында тұрды. Менің Қызылорда қаласы әкімінің бірінші орынбасары қызметіне ауысқан кезім, бір күні телефон шалып, «Сенің қабылдауыңа барайын деп едім, ақылдасатын шаруа бар» деді. Сонда Исекеңнің бекзаттылығына тәнті болуыма тағы да бір мүмкіндік туған болатын.

«Айналайын Нәжім, мен қазір 3-қабатта тұрамын, үй де, пәтеріме жақсы ремонтталды. Бірақ соңғы кездері ағаңа кішкене жүріп-түру қиындап кетті, енді қартаймасақ жасармаймыз. Осы мен тұратын подвездің бірінші этажында, кезінде обкомның құрылыс жөніндегі орынбасары В.Рябов деген кісі болды, өзі қайтыс болған, үйінде қазір әйелі тұрады. Солар бір жаққа көшейін деп жатыр. Мен сол пәтерімді осы кісілердің пәтеріне бірінші этажа ауыстыруға келісіп отырмын. Менің пәтерім ремонтталған, бірақ бірінші этаждағы пәтер кішкене тозыңқырап, жөндеуді, қайта жаңартуды қажет етіп тұр екен. Десе де, екі пәтердің де көлемі бірдей. Енді саған айтқым келіп отырған бұйымтайым, Социалистік Еңбек ері, одақтық дәрежедегі пенсионер есебінде Үкімет тарапынан осының ремонттауға қандай мүмкіндігі бар? Қызылорда қаласы әкімінің бірінші орынбасарының, құрылыс, коммуналдық сала, сауданы басқаратын мамандығы да құрылысшы, өзімің баламсың, осы бойынша сенімен ақылдасуға келдім» – деді. Мен:

«Исеке, әрине, мен сізді жақсы түсініп отырмын. Бірақ бұл менің пәрменімдегі шаруа емес қой. Сіз облыс әкіміне осының бәрін түсіндіріп арыз жазыңыз, ол арызды қаланың әкіміне жолдайы, қаланың әкімі маған тапсыруы керек. Сосын өзім жеке қадағалап, сіздің тапсырмаңызбен мүмкін-

түсінікпен қарады. Осылайша мен жөндеу жұмысына кірсетіні болып, ағамызбен жақсы жаңалықпен бөлістім.

«Қызылорданың жазы ыстық, ремонт біткенше Жамбылға қыздарыма демалысқа барып келетін. Мен 1 айдан кейін келемін. Соған дейін мүмкіндік болса ремонтты бітіріп қойсаң, айналайын» – деді және Исекең. Жөндеуді жедел түрде бастап кетіп, жұмыс қызып жатқан кез еді. Маған 10-15 күннен кейін марқұм Сейілбек Шаухаманов ағамыз телефон соқты.

«Нәжмадин, Исекең маған Жамбылдан телефон соғып жатыр, бір жұмыс тапсырған екен ғой, соны шөкіртіңе айтып қой, мүмкіндігінше тездетсін», – деді. Күн сайын барып құрылысшылармен сөйлесіп, не жетеді, не жетпейді, бәрін қадағалап отырғандым айтыттым.

Содан бір айдан кейін ремонтты бітірдік. Исекең келіп, қаланың әкіміне де, маған да батасын беріп, 1-этажа жаңа пәтерге көшті.

Кейін мен облыс әкімі С.Нұрғисаев болып тұрған шақта Исекеңнің туған жері – Жаңақорған ауданының әкімі болып баруға ұсыныс алдым. Осы шаруа бойынша ақылдасып, ойландыра Исекеңді іздедім. Бұл кезде ағамыз Мағұлсім жемгеміз екеуі облыстық ауруханада ем алып жатыр екен. Палатаға кіріп, ағамызбен амандасып, маған Жаңақорған ауданының әкімі бол деген ұсыныс түскенін, ақылдасуға келгенімді айттым. Сонда Исекең: «Ешқандай ойланба! Біздің аудан – үлкен аудан. Соңғы кездері қызметіңе байланысты көңілің болмай жүргенін жақсы білем. Қолыңнан іс келетін, тәжірибелі азаматсың. Оның үстіне Қызылорданың онтүстік қақпасы, тынысың кеңінен ашылып жұмыс істейтін аудан. Қолдан келген көмегімізді, жәрдемімізді береміз. Ойланба, нәртәуекел!» –

КМФ қымбатты достарға құнды жүлделер табыс етеді!

КМФ топтық микроқаржыландыруға қатысушы клиенттеріне бағалы сыйлықтар мен жағымды бонустар сыйлайды. Науқанға қатысу үшін бар болғаны досыңызды ерте келесіз. Айта кетейік, КМФ Қазақстанда алғаш болып топтық микроқаржыландыруды іске қосқан компаниялардың бірі, оның атауы – КМФ-Достар. Кәсіпкерлер топта бірігіп, бизнесті дамытуға қаржы алады және бір-бірі үшін кепілгер болады. Бизнес саласында бұл өнімге деген қызығушылықтың артқанын байқаған компаниядағылар клиенттеріне қуаныш сыйлау мақсатында «КМФ-Достар» науқанын іске қосты. Жеңімпаздарға 150 дана Smart теледидар табыс етіледі.

– Топтық микроқаржыландыру – бұл тек несие беру емес. Біз бұл бағытта көптеген жылдар бойы жұмыс істеп келеміз және достар мен серіктестердің өз істерін дамытып, табысқа жетіп, бір-бірін одан әрі өсуге ынталандырып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұған дейін біз бұл өнімнің шарттарын жақсартып, тартымды ете түстік. Сондай-ақ, мұндай достық ынталандыруға лайық деп шешіп, құнды жүлделер ұтып алуға болатын науқанды іске қостық, ол КМФ-Достар қатысушыларын қуантады деген сенімдеміз, – дейді КМФ басқарма төрағасының орынбасары Қарлығаш Райханова.

Науқанға қатысу үшін бұрыннан бар топқа жаңа қатысушылар әкелу керек немесе мүшелер саны үш адамнан жоғары болатын жаңа топ құру қажет. Ұтыс ойынына 2023 жылдың 2-қазаны мен 2-желтоқсаны аралығында белгілі бір сомаға микрокредит рәсімдегендер қатысады.

Ал жеңімпаздар 7 желтоқсанда Instagram желісіндегі @kmf.kz парақшасында, тікелей эфирде, кездейсоқ сандар генераторының көмегімен анықталады. Мұнымен КМФ-тің тосын сыйы бітпейді.

– КМФ клиенттерінің басым бөлігі – әйелдер. Олар бизнесті, үй шаруасы мен бала тәрбиесін шебер үйлестіреді, сондықтан негізгі жүлделерден бөлек, біз кәсіпкерлік мақсаттарға қаржы алатын клиенттерге серіктестеріміз – Дәрігер Онлайн сервисіне жартыжылдық отбасылық жазылымды сыйға тартайық деп шештік. Ол тәрелетіп, педиатр және басқа да мамандардан қашықтан, тегін кеңес алу мүмкіндігін береді. Бұл қызмет әсіресе өңірлердегі тұрғындар арасында өзекті болмақ, олар бұл сервисінің арқасында сапалы медициналық көмекті жылдам алатын болады. КМФ өз клиенттеріне жан-жақты қамқорлық жасауға басымдық береді, сондықтан біз сыйлықтар тарту етіп қана қоймай, олардың өмірін жақсартуға да барымызды саламыз, – дейді Қ.Райханова.

Медициналық сервиске 750 мыңнан жоғары сомаға микрокредит алған 4 мыңнан аса әйел жазыла алады. Науқанға қатысу шарттары туралы толығырақ kmf.kz сайтынан немесе 7474 номерінен білуге болады.

КМФ – Қазақстандағы ірі микроқаржы ұйымы. Нарықта 1997 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Микро, шағын және орта кәсіпкерлікке қаржы қызметтерін ұсынады. КМФ-тің Қазақстан бойынша 15 филиалы мен 120 бөлімшесі бар.

КМФ-Достар
Қымбатты досқа құнды жүлде!

7474
www.kmf.kz

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің микроқаржы ұйымдарының қызметін жүзеге асыруға берген №022.21.0003.М лицензиясы

Жүреkte жарқын бейнеңіз...

«Өмір керуен, адам көш, біреуге ерте, біреуге кеш» – дегендей, өмірдің жалғандығы, жақсы мен жаман, жас пен кәрі деп бөлмейтін әділетсіздігі күн сайын көз алдымыздан өтіп жатыр. Өмірге кімдер келіп, кімдер кетпейді... Осыдан қырық күн бұрын отбасы үшін асар тау өке, ағайындарына темірқазық тірек, достарына адал, еліне елеулі азамат, ұлағаты ұстаз Оспанбеков Өмірзақ Нұрмағанбетұлы өмірден озған еді.

Өмірзақ Нұрмағанбетұлы 1958 жылдың 30 наурызында Жаңақорған ауданы Бесарық ауылында дүниеге келген. 1980 жылдан бастап өзі оқыған №54 «Октябрь» орта мектебіне дөңсестіріліп, пәнін мұғалім болып қырық жылдан астам ұстаздық қызмет атқарды. Талай шәкіртті білім нәрімен сусындатып, 2022 жыл құрметті зейнет демалысына шықты. Қызмет атқарған жылдары жемісті еңбегі бағаланып, республикалық, облыстық, аудандық марапаттарына ие болды.

Бар ғұмырын спорт пен



өнер саласына арнаған ардақты жанның адами болмысы, тұлғалық қасиеті, таным мен білімі, жаратылысы ерекше еді. Спорт пен өнерді жаны сүйді. Өзі ісіне жауапкершілікпен қарап, уақытпен санаспай, әзілді орынмен айтып, көпшілікті баурап алатын қарапайым мінезмен кез келген тақырыпта әңгіме-дүкен құрып, ортасын бір көтеріп тастайтын, болмысы бөлек жан болатын. Кездесе қалсаң, көп жағдайда ұстаздардың қамын,

шәкірттердің жетістігін сөз етуден жалықпайтын. Ақжарқын көңілі мен ақ адал пейілінің арқасында дос жинады, досты туысқа айналдырды, шәкірт тәрбиеледі, шәкірттері ізін басты.

Өмірзақ ағай зайыбы Рәзия апаймен бірге ұстаздық қызметті қатар атқарып, дүниеге екі ұл, екі қызды әкеліп, өнегелі тәрбие берді.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің терең тамырлануына әлшеуіс үлес қосқан осынау жанның қасында жүргенімізді, сыйласқандымызды, әріптес болғандымызды мақтан тұтамыз. Өзінің өнегелі өмір жолында шұағын төгіп, шамшырақ болған, ұстаздық ұлы мұратты мақсат етіп, өнерімен ізгілік пен адамдықтың дәнін сепкен ардақты жан Өмірзақ ағайды біз ешқашан ұмытпақ емеспіз. Сіздің жарқын істеріңіз бен ұлағатын сөздеріңіз біздің жүрегімізде мәңгілік сақталады.

Ж.Қыдыров атындағы №54 орта мектеп ұжымы

2023 жылғы 4-тоқсанға арналған Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының және департамент басшыларының орынбасарларының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының Әділет департаменті	Бакишева Ирина Джумабаевна	Департамент басшысы	сәрсенбі, жұма күндері сағат 15-00-ден – 18-00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 I қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-09
	Оразгелді Ұзақбай	Департамент басшысының орынбасары	күнделікті сағат 09-00-ден – 18-00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 I қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-16
	Өлмеш Бауқен Серікұлы	Департамент басшысының орынбасары	күнделікті сағат 09-00-ден – 18-00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 I қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-50

Ескертпе: Алыс қалалардан, аудандардан келген азаматтар күнделікті сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін қабылданады. Қызылорда облысының Әділет департаментінің сенім телефоны 8 /7242/ 23-10-09.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандың барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ – БҮГІН МЕН БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРШАМЫ



Еліміздің мектептерінде 350 мыңнан астам педагог еңбек етеді, оның ішінде 220 мыңнан астам педагогқа аттестация қорытындысы бойынша тағайындалған біліктілік санаты үшін жалақысына үстеме ақы төленеді.

Мысалы, педагог-зерттеушіге 40%, педагог-сарапшыға 35%, педагог-модераторға 30% үстеме ақы қосылады. Еліміз бойынша барлығы 73820 педагог-модератор, 81168 сарапшы, 71141 зерттеуші, 3482 шер-бар.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 4 жыл ішінде педагогтардың жалақысы 100%-ға, яғни, екі есеге артқан. Сондай-ақ 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру педагогтарының еңбекақысы 30%-ға көбейген.

Оған қоса, осы жылы алғаш рет колледж студенті атанған 190 мың жас үлкен өмірге алғашқы қадам басқан.

1-бет

Қуантарлығы, қыркүйектен бастап колледж студенттерінің стипендиясы 50%-ға өсті.

Осы тұста айта кетейік, мемлекеттік мерекелер тізіміне сәйкес, республикада Ұстаздар күні осы уақытқа дейін қазан айының бірінші жексенбісінде тойланып келді. Енді бұл мереке 5 қазанда әлемнің 100-ден астам елі атап өтетін Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендірілді.

Мұғалімдер күні – білім беру саласындағы қызметкерлердің барлығына ортақ кәсіби мереке. Бұл күні ұстаздар қауымының қоғам дамуындағы рөлі мен еңбегі, оған қосатын зор үлесі ата-лесті өтеледі. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, бүгінде Қазақстанда мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 556 мың педагог еңбек етеді. Олар берген білім – бүгінгі бағдаршам, болашаққа баспалдақ. Сол үшін де сапалы білімнің құны құйма алтыннан қымбат.

Ғылымдағы басым бағыттар

Қазақстанда құстың қос қанатындай болған білім мен ғылым қатар дамуда. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек те жоғары білім беруді жақсартуға бағытталған 4 басым бағытты атап өтті.

– Біздің міндетіміз – жан-жақты және сапалы білім беруді қамтамасыз ету және келесі басымдықтар – инфрақұрылым және цифрландыру. Қазір еліміздің жоғары оқу орындарында 626 мың студент оқиды, сондықтан жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын дамытуға және цифрландыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Жыл сайын жаңа ғимараттар, жатақханалар салынуда. Осы мақсатта өңірлерде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары да ашылууда. Бұл жоғары білімнің сапасын арттырып қана қоймай, алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттарды ескере отырып, қолданыстағы оқыту жүйесін

өзгерту үшін қажет. Тағы бір стратегиялық маңызды міндет – Қазақстан ғалымдарының қауымдастығын кеңейту бойынша жұмыс жасау. Жас ғылыми қоғамдастық үшін мәдени компонент құру, бұл үшін оларға күшті мотивация қажет. Мәселен, 2023-2025 жылдары тек ғылым мен грантты қаржыландыруға, бағдарламалық-нысаналы, тікелей гранттарға шамамен 650 млрд теңге бөлінді, – деді ол.

Биыл 73 мыңнан астам грант (бакалавриат) бөлінді, 2017 жылы бөлінген грант саны 38 мыңнан астам болған. Сондай-ақ үш жыл ішінде бір білім алушыға жұмсалатын қаражат көлемі 2019 жылғы 420 мың теңгеден 2023 жылғы 1 млн теңгеге дейін өскен.

Өңірдегі бірегей бастамалар

Ал Сыр өңірі де білім саласын дамытуға тартынып қалған емес. Жаңа мектептер, жетістіктер, білімге құйылған қаржы көңіл көншітеді. Облыста 319 мектеп болса, оның 295-і мемлекеттік, ал 24 мектеп-жеке меншіктегі білім ұйымы. Осыған орай, жаңа оқу жылында аталған мектептерде 180 мыңнан астам оқушы табылдық аттаған еді.

Мемлекет басшысының үлкен қолдауының арқасында өңірмізде сапалы білім ұйымдарының саны едәуір артқан. Сондай-ақ, аймақ басшысының тікелей қолдауының арқасында был «Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында физика-математика бағытындағы мектеп-интернатының құрылысы басталды. Бұл жобаның жалпы құны 7,9 млрд теңге. Қаланың сол жағалауында «ҚазГерМұнай» компаниясының қаржылай қолдауымен 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар са-

райы салынады. Бұл жағымды жаңалықтар білім саласына зор серпіліс беретіні анық.

Жылдан-жылға қаладағы мектептерде бала саны көбейіп келеді. Тісінінше, мектептердегі орын тапшылығы айтарлықтай сезілуде. Бұл өзекті мәселені шешу мақсатында облыс орталығындағы 1850 балаға арналған 4 мектептің жанынан қосымша ғимарат салынып, нысандар жаңа оқу жылында балаларды қабылдады. Бұдан бөлек, мектептерді заманауи пәндік кабинеттермен жабдықтау, бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соңғы үлгідегі бейнекамералар алуға жергілікті бюджеттен 1 млрд теңге қаржы бөлінген. Облыстағы білім ұйымдары оқулық және оқу-әдістемелік құралдармен 100 пайыз қамтылған.

Биыл алғаш рет 1-4 сыныптарда оқитын 70 мыңнан астам бала тегін ыстық тамақпен қамтылды. Бұған жергілікті бюджеттен 5,5 млрд теңге қаралған. Ал 5-11 сыныпты оқитын әлеуметтік көмекті қажет ететін 17 мыңға жуық оқушының ыстық тамағына 3,3 млрд теңге бөлінді.

Одан бөлек, әлеуметтік жағдайы төмен 37087 баланы бір реттік қаржылай көмекпен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 1,3 млрд теңге бөлінген. Әртүрлі себептермен қаржылай көмекке иілінбей қалған оқушыларға демеушілер тарапынан көмек көрсетілуде. Бүгінде 7421 балаға қажетті құралдар мен мектеп формалары табысталыпты.

Сондай-ақ, жаңа үлгідегі 30 автобус шалғайдан қатынайтын оқушылардың игілігіне қызмет етеді. Балаға бар қамқорлық жасап жатқан өңір ендігі кезекте оқушылардан сапалы білім, үздік нәтиже ғана күтеді. Бұл тұрғыда ұлағатты ұстаздарымыз да аянып қалмасы анық.



Азия ойындары: бір үміт, бір күдік

Қытайдың Ханчжоу қаласында өтіп жатқан XIX жазғы Азия ойындарының соңғы аптасы басталды. Оныңшы жарыс күнінің қорытындысы бойынша Қазақстан қоржынында 47 медаль бар. Оның 5-үй – алтын, 10-ы – күміс, қалған 32-сі – қола.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Қоржынымыздағы 3 алтынды бұған дейін мергендер салған болатын. Ал төртінші алтынды ескекшілеріміз алды. Сергей Емельянов пен Тимур Хайдаров канозда 500 метр қашықтықта маре сызығын бірінші болып кесті. Мұнан соң тас жолдағы веложарыста сығана түскен ел құрамасының көшбасшысы Алексей Луценко 48:05:75 уақыт көрсетіп кішімен Азияның алтынның еншісін алды.

Көш. Байрақты бәсекелес Сыр өңірінің 23 спортшысы 13 спорт түрінен (бок, дзюдо, грек-рим күресі, ауыр атлетика, каратэ, таэквондо, стенд ату, шахмат, мауин-байк, велоспорт, е-спорт, гандбол, көгалдағы хоккей) бақ сынауда. Әзірге дозидо спортының өкілдері жаппай түр.

Сыр өлінен дүбірлі додадағы алғашқы жүлдені Мағжан Шамшаев алды. 60 келі салмақта өнер көрсеткен ол жартылай финалда Оңтүстік Корея спортшысы Харим Лиуге есе жібергенімен, тәжікстандық балуан Мехрзод Суфиевті жеңіп, қазақ еліне қола жүлде тарту етті. Арасын ұзатпай Қытайдан тағы бір ақжолтай хабар жетті. Бұл жолы дзюдодан 81 келі салмақ дәрежесінде Абылайхан Жұбаназар үздік үштікті қорытындылады. Ол жартылай финалда тәжікстандық қарсыласы Сомадан Махмадбековке есе жіберді. Алайда сәтсіздіктен кейін қолаға қол сазған спортшымыз үшінші орын үшін күресте өзбекстандық Мұса Собировтан басым түсті. Мұнан соң 100 келі салмақта Нұрлыхан Шархан әріптестерінің жолын жалғап, Оңтүстік Корея спортшысы Вон Джон Хунның жауырынын жерге тигізіп, қола жүлдеге ие болды.

Айта кететін жайт, Азия ойындарына Қазақстаннан дзюдо құрамасының сапына барлығы 7 спортшы енген. Солардың үшеуі қызылордалық болса, үшеуі де жүлделі орын иеленіп отыр.

Мұнан соң тағы бір жаңалық отандарымызды қуанышқа кенелтті. Байрақты бәсекелес стенд атудан Қазақстанның әйелдер құрамасы қола жүлде иеленді. Құрама сапындағы үш спортшының бірі – жерлесіміз Айжан Досмағамбетова. Негізі құрамаға сырбайлық екі спортшы енген. Алайда бағы мен бады келіскен үздіктердің бәсекесінде Айжан биіктен көрінді.

Ал бокстан аса ауыр салмақта өнер көрсеткен Қашыбек Қоңқабаев жартылай финалда үндістандық Нarendраді 5:0 есебімен ұтып, 2024 жылы Франция астанасы Парижде өтетін Олимпиада жолдамасын жеңіп алды. Ол бұған дейін бакейрдің былғары қолғап шебері Данис Латыповпен кездесу өткізіп, онда да 5:0 есебімен басымдыққа ие болған. Шабуылда ширақ, қорғаныста асқан сақтықпен жудырықтатын жерлесіміз ақтық сында өзбек боксшысы Баходир Жалоловпен алтын медальді сарапқа салады.

Бұған дейін екі боксшы 9 рет жолыққан. 2019 жылға дейін Қоңқабаев 3:1 есебімен алда тұрған. Одан кейін жерлесіміз қатарынан алты рет ұтылды. Кеткен есені қайтарар сәт келген секілді.

Еске салайық, бұл байрақты бәсекелес елімізден 524 спортшы ел намысын қорғауға аттанды. Мұнда 30 спорт түрінен 305 медаль сарапқа салынууда. Сондай-ақ тәуір нәтиже көрсеткендер «Париж-2024» Олимпиадасына жолдаманы жеңіп алады. Бір қызығы, Қазақстан 5 алтынмен үздік орындықа енбей тұр. Бұған дейін ел құрамасы 1994, 1998, 2002, 2006, 2010, 2014 жылдары кемі 18 алтын алып, жалпы есепте үздік бестікке енген. Тек 2018 жылы 15 алтынмен 9-орынды қанағат тұтқан. Бүгінде мұндағы медальдардың жартысы сарапқа салынып бітті. Дегенмен, үздіктер қатарына кіруден үміт үзбейміз. Азия ойындары 7 қазанда аяқталады.

БРИФИНГ

ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН

Қоғам дамуының негізгі бағытының бірі – волонтерлік қызметті және қолдау шараларын күшейту. Бұл бағытта облыстық және аудандық Жастар ресурстық орталықтары жанынан аймақтық волонтерлер фронт-офистері құрылған.

Ресми ақпарат бойынша аймақта екі мыңнан астам волонтер тіркелген. Бұған қоса, 30-ға жуық волонтерлік топ бар. Жылдан-жылға еріктілердің қатары көбейіп келеді. Оларға мемлекет тарапынан қолдау да аз емес.

– Біздің «Ұлттық волонтерлік желі»

занды тұлғалар бірлестігі еріктілерді қолдау мақсатында біршама іс-шара өткізеді. Оның қатарында еріктілердің біліктілігін жетілдіру де кіреді. Сондай-ақ, әр өңірдің волонтерлік жұмыстары жайында үздік кейстер жинаймыз. Сол арқылы волонтерлікті дамыту үшін жаңа жол картасын әзірлейміз. 2020 жылдан бастап осындай карта бойынша жұмыстар атқарылды. Үш жылды қорытындылап, жаңа картамен 2022 жылға дейін жұмыс істейтін боламыз. Жаңа картаны дайындаудың басты себебі – уақыт өткен сайын технологиямен қатар адамдардың ойлау қабілеті де дамып келеді. Сондықтан ескі картамен жұмыс істеу тиімсіз, – деді «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ

атқарушы директоры Татьяна Миролюк.

Бүгінде өңірдегі 3 оқу орнының өз еріктілер ұйымы бар.

– Барлық оқу орнында тарапынан еріктілерді қаржылық ынталандыру, арнайы іссапарға жіберу, демалыс орындарына жолдама беру бойынша қолдау тетіктері қолға алынған. Жыл басынан бері облыстық ҚХА жанындағы волонтерлер қозғалысы жүзеге асырған қайырымдылық шараларды қоса алғанда барлығы 183 түрлі бағыттағы шара өтіп, 7 мыңға жуық тұрғын тартылды, 5 мың отбасыға әлеуметтік көмек көрсетілді. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен өтіп жатқан «Жыл

волонтері» халықаралық сыйлығына өңірден үміткерлерді қатыстыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Айта кету керек, жыл қорытындысымен үздік деп танылған 30 волонтерге «Жыл волонтері» облыстық сыйлығы табыстау жоспарланып отыр, – деді облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Артур Қамбаров.

Сондай-ақ, аймақта волонтерлік ұйымдардың бастамаларына қолдау көрсету, бизнес және жеке тұлғаларды қайырымдылық жобаларына тартуға бағытталған іс-шаралар жалғасын табады.

«СБ» ақпарат

Простатит, аденома, уретрит, белсіздік пен бедеулік, несеп шығару жүйесінің бұзылуы?!



Құрметті оқырмандар! Еліміздегі ер азаматтарда кездесетін өте күрделі, созылмалы түрдегі Простатит ауруының шешімі табылды! Егер де простатит пен аденома, бедеулік пен белсіздік, несеп-жыныс жүйесінің өзге де бұзылыстары, атап айтқанда кіші дәретке жиі шығу, қуықтың толық босамауы, дәреттің қалып қоюы, зәр сындыру барысындағы ашу-шаншу сезімдері сізге мазза бермей қойған болса, әлемнің 32 елінің денсаулық сақтау министрліктері мақұлдаған «ПРОСТАТИНОР» өнімін ұсынамыз. «ПРОСТАТИНОР» әлемдік тәжірибеде мойындалған дәрі-дәрмектің отаны Үндістан еліне шығарылды. Бұл өнімнің бір артықшылығы әрі ерекшелігі фармацевтикалық, химиялық дәрі-дәрмек секілді емес, яғни тек қана табиғи емдік шөптерден біріктірілген күйде парафармацевтикалық бағытта атақты Surya Herbal Limited компаниясының базасында дайындалады.

«ПРОСТАТИНОР» препараты – аты айтып тұрғандай, қуықасты безі қабынып, гормондық теңгерімі бұзылып, жыныстық қатынаста әлсіздікті сезініп жүрген ер азаматтардың мәселесін шешуге арналған өнім.

Егер де сіз жоғарыда айтып өткендей жағдайларды бастан кешіп жүрген болсаңыз, қамықпаңыз! «ПРОСТАТИНОР» препаратын қабылдау барысында, бірінші кезекте толық зәр жолдары мен несеп-қуық жолдарындағы қабынуды тудыратын бактерия, инфекция мен микроорганизмдерді тазалап өтеді, сидилис, гонорея, хламидия, трихомониаз деген бұрынғы жұқтырған инфекциялық аурулардың қалып қойған қалдығын шығарады.

Мына телефон нөмері бойынша білікті мамандардан кеңес алып, «Простатинорға» тапсырыс бере аласыз: 8 778 021 39 39 немесе www.sauilyktyun-syry.kz сайты арқылы. Қазақстан бойынша орталыққа қоңырау шалу, мамандардан кеңес алу, жеткізу қызметі тегін!

Тиімді ұсыныс!

«ПРОСТАТИНОР» өніміне

-30% жеңілдікпен тапсырыс беріңіз!

Тұтынушы пікірі:

Армысыздар! Менің аты-жөнім Бейсенов Құрманғали. Қарағанды өңірінен боламын. Өзімнің нәтижемен бөліскім келіп отыр. Қанша жылдар бойы мазалаған ауруым бар еді. Простатит, аденома дей ма, болған сол. Қанша емделдім. Врантарға қаралдым. Ем алдым. Бірақ көңілден шығатындай нәтиже көре алмадым, шынын айтсам. Операцияға деді, оған операция жасатуға қорықтым. Сосын осы сендердің мына «Простатинор» өнімі жөнінде естіп, уақытында хабарласып, мамандар толық мағлұмат беріп, осы өнімнің екі айлық курсың алып іштім. Қазір шүкір. Анализдерім жақсы шықты. Күндіз-түні кіші дәретке жүгірмейтін болдым. Ұйқым тыныш. Қанша болды, қазір ауруым мазаламайды. Сол алғысымды білдіргім келіп жазып отырғаным. Рахмет, сіздерге!

Құранныңдағы негізгі белсенді заттар: өсімдік химиялық қоспа жолы. Дозасы мен қабылдау мерзімі: 1 айдан жоғары. Қарсы көрсеткіштері: қан қысымы төмендігі.

КЗ, ІІ, 01.01.01.001.000117.08.18.17.08.2018ж. БСБ, Дәрілік зат болып табылады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/



Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақыл қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.